

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (43-шығарылым) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 қаңтарда № 19923 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (43-шығарылым) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (43-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 391-ө-м бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8027 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 желтоқсанда № 185 (2193) "Заң газеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Б. Нурымбетов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (43-шығарылым)

1-тарау. Кіріспе

1. Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы (43-шығарылым) (бұдан әрі – БТБА (43-шығарылым) мақтаны және тінді дақылдарды алғашқы өндеуге арналған жұмыстарды көздейді.

2. БТБА-ны (43-шығарылым) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірледі.

3. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар осы БТБА-да (43-шығарылым) көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмыстарды тарификациялаған және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын белгілеген кезде қолданылады.

2-тарау. Мақтаны және тінді дақылдарды алғашқы өндеу жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Байламды ораушы, 1-разряд

4. Жұмыс сипаттамасы:

мақталы дәндерді қапшыққа, қап толтырғыш құрылғыда тегістеп орау;
талшықты, линтті, улюк пен алауды, тұқым салынған қаптарды қолмен стандарт талаптарына сәйкес тігу;
шпагат және басқа да буып-түю материалдарын дайындау;
толтырылған қаптарды, бумаларды белгіленген орынға тасымалдау;
тұқымның, талшықтың шашылуын таңдау;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

5. Білуге тиіс:

қапшықты толтыратын құрылғының мақсаты мен жұмыс принципі;
байламдарды тігу бойынша стандарт талаптары;
қапшықты толтыру нормасы;
буманың белгіленген габариттері мен салмағы;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

2-параграф. Буманы бақылаушы, 2-разряд

6. Жұмыс сипаттамасы:

мақта талшығы бумаларының, линт пен улюктің габариті мен орамасының дұрыстығын бақылау;

лента байлайтын жабдықты бақылау;

буманың салмағын өлшеу және таңбалау;

маркасы бойынша бумалар салмағын және мақта талшығын, линт пен улюкті ауыспалы өңдеу есебін жүргізу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

7. Білуге тиіс:

таرازы жабдықтарын және оларға күтім жасау қағидасын;

буманың белгіленген габариттері мен салмағы;

буманы таңбалау және орау бойынша мемлекеттік стандарттарды;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

3-параграф. Джин жабдығының операторы, 4-разряд

8. Жұмыс сипаттамасы:

инерциялық уату механизмі бар білікті джиналарда және берілген режимде сексен аралық джиналарында шитті мақтаны джинирлеу процесін жүргізу;

джин батареялары мен жанасқан технологиялық және қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету;

мақта талшықтарын стандарт талаптарына сай алуды қамтамасыз ету;

қызмет көрсетілетін машина мен механизмдердің жұмысындағы техникалық ақауларды жою;

талшық бөлу, арам шөп және тұқым конвейеріне, улюк шабу және арам шөп шабу жабдықтарының қуаттандырушысының бітелуін жою;

шикізатты білікшені мерзімді лақтыру, кенептерді жұмыс білікшелерінде тазарту, оларды орнату және әртүрлі джиндардың пластинасын ауыстыру барысына қатысу;

араны ауыстыру, технологиялық тетіктер және ажыратқышты реттеуге, қызмет көрсетілетін машиналарға жөндеу жұмыстарын жүргізу барысына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

9. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықты орнату және пайдалану қағидалары;

қызмет көрсетілетін машиналардың жұмыс органдары арасындағы саңылаулардың көлемі;

джиндаудың технологиялық процесі;

мақта шикізаты, талшықтар, тұқым және қалдықтардың стандарты;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

4-параграф. Джин жабдығының операторы, 5-разряд

10. Жұмыс сипаттамасы:

жүз отыз аралық джинді белгіленген режимде және көп соғатын мықты омыру механизмі бар білікше джинда, мақта шикізатын джиндау және арақашықтықта басқару пультінің автоматты өндірісті процесін жүргізу;

джиннің қуат беруін реттеу;

машина жұмысында туындаған олқылықтар мен басқада ақауларды жою және олардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

цехқа мақта шикізатының бірдей түскенін көзбен шолу;

аралау джиндарындағы шитті білікшесінің тығыздығын және джиндалғаннан кейінгі тұқым талшықтарының қалдықтарын тексеру;

улюктің бөлінуін ретке келтіру;

өндірістің қалдықтарын уақытында жоюды ұйымдастыру;

білікше джиндарындағы омыратын пластиналарды ретке келтіру және орнату;

технологиялық жабдықтар мен автоматизация жабдықтарды профилактикалық тазалау және жөндеу жұмыстарын жасау;

біліктілігі төмен оператордың жұмыстарын басқару;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

11. Білуге тиіс:

қызмет көрсетіп жатқан жабдық пен пульттың құрылғысы мен қағидасы;

жабдықты автоматтандырылған дистанционды басқару схемасы;

джинді цехтың технологиялық жабдықтарын ретке келтіру қағидалары;

мақта талшықтарының сапасына қойылатын талаптар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

5-параграф. Джин жабдығының операторы, 6-разряд

12. Жұмыс сипаттамасы:

берілген режимде жүз жетпіс аралық джиннада шитті мақтаны джиннирлеу процесін жүргізу;

джин батареялары мен жанасқан технологиялық және қосалқы жабдықтарға қызмет көрсету;

стандарттар талаптарына сәйкес мақта талшығын алуды қамтамасыз ету;

қызмет көрсетілетін машиналар мен механизмдердің жұмысындағы техникалық ақаулықтарды жою;

талшық бұрғыш қоректендіргіштердің, арамшөпті және тұқымдық конвейерлердің, улюк сорғыш және сорғыш қондырғылардың кенжарын жою;

шикі білікшені мерзімді шығару;

аралар мен масақты торларды тазалау;

араларды ауыстыруға, технологиялық саңылаулар мен ажыратуларды реттеуге, қызмет көрсетілетін машиналарды жөндеуге қатысу;

торларды сағат сайын тазалау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

13. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылысы және пайдалану қағидалары;

қызмет көрсетілетін машиналардың жұмыс органдары арасындағы саңылаулардың шамасы;

джиннирлеудің технологиялық процесі;

шитті мақтаға, талшыққа, тұқымға және қалдықтарға стандарттар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

6-параграф. Жұмсақ тараны дайындаушы, 1-разряд

14. Жұмыс сипаттамасы:

өнімді және қалдықтарды орауға жұмсақ ыдысты қолдан дайындау, мақта талшығын, линта және талшықты өнімді байламға орау үшін шәлілердің шеттерін жапсыру;

қапшықты қолдан тігу;

қаптама үшін мата жинағын талдау;

бекітілген өлшем бойынша матаны пішу;

қолданыста болған қапшықтарды өлшемі бойынша сорттау және олардың тозу деңгейін анықтау және оларды жөндеу;

таңбалау үшін бояу дайындау;

тараны таңбалау;

белгіленген орынға материалдар мен тараны тасымалдау;

қапшықтар мен тараны қоймаға тапсыру;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

15. Білуге тиіс:

матаны пішу, қаптарды сорттау, матаны талдау және жұмсақ тараны таңбалау қағидасы;

шәлі мен қаптардың бекітілген өлшемі;

таңбалау үшін бояуларды дайындау тәсілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

7-параграф. Жұмсақ тараны дайындаушы, 2-разряд

16. Жұмыс сипаттамасы:

тігін машинкада өнімдер мен қалдықтарды орайтын жұмсақ тараны дайындау - брезенттерді, қаптарды және шәлдердің шетін тігу;

брезент дайындауға арналған матаның қиықтарын тегістеу;

қолданыста болған брезенттердің өлшемін алу және тозған брезенттерді сорттау;

брезенттерді жөндеу және оларды сіңіру;

брезенттерді сіңіруге арналған ерітінді дайындау;

машинаны реттеу және ақауды жою;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

17. Білуге тиіс:

тігін машинасының мақсаты, құрылымы және қызмет көрсету қағидалары;

брезенттердің бекітілген өлшемі;

қап, шәлі, брезентті тігу тәсілдері;

брезенттерді сіңіруге арналған ерітінді дайындау тәсілдері;

брезенттерді сіңдіру қағидалары;

тігін машинасының жұмысында ақаулардың алдын алу және жою тәсілдері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

8-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы, 3-разряд

18. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары оператордың басшылығымен стланцевті тресті, талшықтарды, тұқымдарды және тінді дақылдардың түтуден қалған қалдықтарын камералы, булы контейнерде, түтін-газды кептіргіш машиналарда және контейнерлерде булы кептіргіш машиналарда, тінді дақылдардың трестін сулы және булы машиналарда кептірудің техникалық процесін жүргізу;

шикізатты машинаның кептіргіш транспортеріне, кесек үгіткішке, қабат қалыптастырғыш механизмге тоқтатпай тиеу үшін шикізат қабатын белгіленген қалыңдықта қалыптастыру;

белгіленген тығыздықты сақтай отырып кептіретін машинаның транспортеріне материалдарды қолдан біркелкі етіп тиеу;

пневмокөлікке шикізатты тиеу кезінде кептіргіш машинаның қуат беру транспортеріне материалдарды белгіленген тығыздықпен тиелуін бақылау және қамтамасыз ету;

кептіру аймағында шикізаттың сулы бауларын кептіру бойынша жұмыстармен айналысу;

кептіргіш машинаның ағымында бекітілген, шикізат сабағын және тамырын кесу машиналарына қызмет көрсету;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

19. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін құрылғылар мен механизмдердің құрылымы және оларды ретке келтіру қағидалары;

тінді шикізаттың талшық, қабық, тұқым мен түтілгеннен қалған қалдықтардың негізгі құрамдары мен сапалы белгісі;

оларды кептірудің технологиялық процесі;

тиелген материалдың тығыздығы;

шикізат сабағын және тамырын кесу қағидалары;

тиеу және шикізат жеткізу механизмдерін ретке келтіру және оларды пайдалану қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

9-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы, 4-разряд

20. Жұмыс сипаттамасы:

сулы тін мен тінді дақылдардың сулы және булы тресті булы конвейерде және мақта шикізатын барабанды кептіргіш машиналарда пультпен басқаратан жабдықтарға бекітілген режимге сәйкес кептіру процесін жүргізу;

кептіргіш машиналарға шикізатты тиеу барысына қатысу;

шикізаттың, талшықтың, тұқым мен түтуден қалған қалдықтарды құрамы мен сулылығына байланысты кептіргіш машинаның транспортеріне, оның барлық жеріне қалыңдық қабатының біркелкі тиелуін және оның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

кептіргіш машиналарда артудың бекітілген тығыздығын, температурасын және сулылығын сақтау;

кептіру режимін бақылау - өлшеу құрылғыларымен бақылау және ретке келтіруді тексеру;

кептіретін машина, фильтр, ауа жібергіш, желдеткіш, камералар және транспортерлердің қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

кептіруден кейін тресті соңғы рет тексеру;

біліктілігі төмен операторлардың жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

21. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылым ерекшелігін және жөндеу қағидаларын;

бақылау-өлшеу жабдықтарының құрылымы және жұмыс мақсатын;

басқару пультындағы қондырғыларды орнату және олардың бекітілуі;

құрғақ шикізатқа және басқада материалдардың сапасына қойылатын талаптар;

кептірудің технологиялы және температуралы режимі;

технологиялы процесті реттеу қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

10-параграф. Кептіргіш жабдықтың операторы, 5-разряд

22. Жұмыс сипаттамасы:

тінді дақылдар трестін сулы және булы кептіру автоматты бақылау және реттеу жүйесімен жабдықталған, бекітілген пультті басқару режиміне сәйкес конвейрлі булы кептіру машиналарында кептіру процессін жүргізу;

транспортерға қабаттың қалыңдығы мен еніне сәйкес тресті біркелкі тиеу және кептіру машинасының тиеу қалыңдығын реттеу, екі еселенген қабаттың дұрыс қалыптасуына және оның кепкеннен кейін дұрыс бөлуін бақылау, калорифердің тазалығын бақылау;

кептіру машинасының, басқару пультінің, фильтрдің, ауа жібергіштің, желдеткіштің, камераның, транспортердің жұмысын бақылау;

кептіру процесін автоматты басқару жүйесімен реттеу және бақылау;

техникалық ақаулардың алдын-алу және жою, кептіру машинасы мен басқада механизмдердің жөндеу жұмыстарына қатысу;

біліктілігі төмен операторлардың жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

23. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың кинематикалық схемасы;

кептіру процесінің параметрлерін бақылау және реттеу, автоматты басқару жүйесіне кіретін, басқару-өлшеу жабдықтарын орнату және оларды күту қағидалары;

кептіру процесіндегі жетіспеушілік және олардың алдын алу және жою тәсілдері;
қызмет көрсетілетін жабдықты жөндеу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

11-параграф. Қалдықтарды ағызупшы, 1-разряд

24. Жұмыс сипаттамасы:

түту-жуу машинасының қалдықтарын, қалдықтарды шығаратын көліктерде бірқалыпты шығуын қамтамасыз етіп ағызуп;

ағызатын каналға берілетін судың мөлшерін, өнделіп жатқан шикізаттың түріне байланысты ретке келтіру;

шығаратын көлікке түтілген қалдықтарды бірқалыпты шығуын және көліктің тоқтамай жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

түту-жуу машинасының және шығаратын көліктердің орамдары мен бітелулерін жоюға қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

25. Білуге тиіс:

түту қалдықтарын тасымалдау режимі;

тасымалдаушы механизмнің мақсаты және пайдалану қағидасы;

түту-жуу машинасы мен транспортердің айналып тұратын бөлшектеріндегі орамдар мен бітелулерді жою қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

12-параграф. Қалдық талшықты шайырлаушы, 4-разряд

26. Жұмыс сипаттамасы:

шайырлау аппараттарында қалдық талшықты шайырлау процесін жүргізу;

шайырға арналған аппаратты шайырмен толтыру;

жиналған лентаны қолмен бұрау және оларды смолды аппаратқа салу;

шайырды аппаратта қалдық талшықтың температурасы мен бу қысымын бақылау;

қалдық талшықты жоғары сапамен шайыр беруді, температура, сығым және лентаның қозғалу жылдамдығымен реттеуді қамтамасыз ету;

шайыр деңгейі мен шайырланған қалдық талшықтың салмағын бақылау;

орамдар мен үзілістерді жою;

сығу білікшесін жұмсақ қаптамамен орау және белгіленген өлшемнің диаметріне дейін жеткізу;

шайырды қалдық талшықты өлшеу және оны белгіленген орынға жеткізу, жайғастыру;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

27. Білуге тиіс:

шайыр аппараттың механизмінің орнатылуы мен жою қағидалары;

қалдық талшықты шайырлау режимі;

шайырлау нормасы;

шайырды қалдық талшықтың техникалық жағдайлары мен стандарттары;

шайырлау процесіне температура мен басқада факторлардың әсер етуі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

13-параграф. Құрылғыларды тазалаушы, 2-разряд

28. Жұмыс сипаттамасы:

желдеткіш, пневмокөлікті және шнекті жабдықтарды, циклондарды, қолдық фильтрларды, оттарды және шаң басқан камераларды, траншты және басқада шаң басқыш жабдықтарды шаң мен қалдықтардан тазарту;

технологиялық құрылғы мен көлік құралдарының астынан өндіріс қалдықтарын жинау;

жинайтын бункерлерді түсіру, қалдықтарды қайта өндеуге жіберу;

қалдықтарды талдау олардан жарамды талшықтарды тандап алу;

белгіленген орынға қалдықтарды тасымалдау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

29. Білуге тиіс:

циклон, отты және шаңды камераларды және басқада шаң басқыш құрылғылардың белгіленуін және жұмыс мақсатын;

қызмет көрсетіп жатқан құрылғыларды пайдалану және тазарту режимі;

қалдықтардың түрлері және оларды талдау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

14-параграф. Құрылғыларды тазалаушы, 3-разряд

30. Жұмыс сипаттамасы:

желдеткіштің дәл сорғыш және шаң басқыш жүйесінің, пневмокөліктің, циклонның, фильтрді, жасырын каналдардың тоқтамай жұмыс істеуін қамтамсыз ету;

пневмокөлік жүйесіндегі ауаның бүліну деңгейін және фильтрлейтін циклондардың шаң басу деңгейін анықтау;

пневмокөлік және басқада шаң, қалдық, жарамды және жарамсыз талшықтарды жинауға арналған құрылғының жұмыс істеу жүйесін бақылау;

техникалық қызмет көрсету, жабдықтардың барлық түрін шаң мен қалдықтардан тазарту, ауа жібергіштің бітелулерін жою;

желдеткіштің өртке қарсы жүйесін қамтамсыз ету;

шаң басқан талшықтың шаңын тазалау және оларды белгіленген орынға тасымалдау;

біліктілігі төмен құрылғы тазартушылардың жұмысын басқару;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

31. Білуге тиіс:

желдету және кондиционерлеу жүйелерінің құрылғысы, мақсаты және жұмыс принципі;

қалдықтардың пайда болуы кезінде жабдықтардың негізгі түрлерінің өзара іс-қимылы;

қызмет көрсетілетін құрылғыларды тазалау режимі;

жабдықты толтыру, циклон мен фильтрді ауыстыру кезінде тазарту режимі мен реті ;

өңделіп жатқан өнім мен алынатын қалдықтың түрлері;

жарамды талшықтарды өндеу барысында нашар тазартудың тигізер әсері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

15-параграф. Линтерлі жабдықтың операторы, 4-разряд

32. Жұмыс сипаттамасы:

берілген режимде тұқымдарды линтерлерде линтерлеу процесін жүргізу;

линтерлі және оған жанасқан технологиялық және көмекші жабдықтың үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамсыз ету;

линтерлер жұмысын реттеу;

қызмет көрсететін машиналар мен механизмдер жұмысындағы ақауды жою;

линтерге жөндеу жұмыстарын жасауға және араның цилиндрін ауыстыруға қатысу;

ара мен оттық торларын тазалау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

33. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықты орнату және пайдалану қағидасы;
қызмет көрсетіп жатқан машина бөлшектерінің арасындағы тетіктердің мөлшері;
тұқымды линтерлеу технологиялық процесі;
линт пен тұқымның стандарты;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

16-параграф. Линтерлі жабдықтың операторы, 5-разряд

34. Жұмыс сипаттамасы:

тұқымдарды линтерлерде белгіленген режимде ұлғайтылған жұмыс камерасында линтерлеу және автоматтандырылған өндіріс процесін қашықтықтағы пультпен басқаруды жүргізу;

линтерлердің қуат алуын ретке келтіру;

машинаның жұмысындағы үзілісті және басқада ақауларды жою және олардың қалыпты жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету;

технологиялық жабдықтар мен автоматтандыру жабдықтарын профилактикалық тазалау және жөндеу жұмыстарын жасау;

біліктілігі төмен оператордың жұмыстарын басқару;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

35. Білуге тиіс:

қызмет көрсетіп жатқан жабдықтар мен пультты құрылымы және эксплуатация жасауды;

жабдықтарды қашықтықтан басқару автоматтандырылған схемасы;

линерлі цехтың технологиялық жабдықтарын ретке келтіру қағидалары;

линттың сапасына қойылатын талаптар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

17-параграф. Мақта дәнін улаушы, 2-разряд

36. Жұмыс сипаттамасы:

улайтын машинада мақтаның егетін тұқымдарын улау бойынша қосымша жұмыстарды атқару;

улайтын машинаның транспортер-куат бергішіне белгіленген мөлшерде тұқымдарды арту;

уланған қапшықтарды тұқымдармен толтыратын арнайы станокта оларды толтыру және өлшеу;

шашуға арналған тұқымдарды іріктеу;
қапшықтарды тігу, таңбалау және белгіленген орынға жеткізу;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

37. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмыс жасау мақсаты мен принципі;
улы препараттан (улауыш) жеке қорғаныш құралдары;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

18-параграф. Мақта дәнін улаушы, 3-разряд

38. Жұмыс сипаттамасы:

мақтаның егістік дәнін улайтын машинада улау біліктілігі жоғары улаушының басшылығымен өтеді;

уды улау машинасының бункер-қуат бергішіне тиеу;

улайтын машинаға тұқымның біркелкі тиелуін реттеу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

39. Білуге тиіс:

улау машинасын орнату және қызмет көрсетілуі;

улауышты шығындау мөлшері;

дәндерді улау технологиялық процесі;

препараттың улылық деңгейі;

улауышты ұстау қағидалары және жеке басын сақтау қағидалары;

улау процесін жүргізу стандарттарын және техникалық жағдайы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

19-параграф. Мақта дәнін улаушы, 4-разряд

40. Жұмыс сипаттамасы:

улайтын машинада себетін мақта дәндерін улау;

улайтын машинаның жұмысын ретке келтіру;

тұқымдарды өндеуде технологиялық режимді сақтау;

уланған тұқымдардың сапалы дайындалуын бақылау;

улау машинасын жөндеу;

құрылғының жұмысындағы техникалық ақауларды жою;

улауыштың шығынын есептеу;

біліктілігі төмен улаушылардың жұмысына басшылық жасау және жеке басын сақтау құралдарының пайдаланылуын бақылау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

41. Білуге тиіс:

ұлайтын машинаның жұмысын реттеу және жөндеу қағидалары;

дайындалған уланған тұқымның сапасын бақылау;

тұқымдарды улаудың технологиялық режимі;

у шығынының нормасы, оның улылығы және оны пайдалану қағидалары;

жеке басын сақтау құралдарын пайдалану қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

20-параграф. Мақта шикізаты бунтындағы туннель төсеуші, 4-разряд

42. Жұмыс сипаттамасы:

өздігінен қызу және өздігінен жанудың алдын-алу мақсатымен мақта шикізаты бунтында туннель қазатын машинамен туннель төсеу;

машинаны бунт ішіне енгізу, жинау шнегімен мақта шикізатын іліп алу және оны алып кететін көліктермен тіркемеге немесе өндеу орнына алып беру;

машинаның жұмысындағы ақауды жою;

туннель қазу жұмыстарының технологиясын сақтау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

43. Білуге тиіс:

туннель қазу жұмыстарын жүргізу технологиясы;

туннель қазатын машинаны күту қағидалары мен құрылымы;

туннельдерді төсеудің қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

21-параграф. Су жіберуді реттеуші, 3-разряд

44. Жұмыс сипаттамасы:

шикізатты салқын суда сулау және өндірістік қажеттіліктерге бекітілген режимге сәйкес су қоймаларына суды қолмен жіберуді реттеу;

иригациялы жүйенің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

канал, шлюз, су ағызғыш және әр түрлі жүйелердің қалыпты жұмыс істеуін бақылау және ақауларды жою;

есеп журналын ашу және оған өндірістік судың, су ағызғыш құрылғылардың әр түрінен ағымды судың шығынын жазып отыру;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

45. Білуге тиіс:

шикізатты салқын суда сулау және өндірістік қажеттілікке суды пайдалану режимі; ирригациялы және су ағызғыш жүйенің сызбасы мен сипаттамасы;

су ағызғышқа таблицааларды пайдалану және ирригациялы жүйеге қызмет көрсету қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

22-параграф. Сығу-жуу жабдығының машинисі, 2-разряд

46. Жұмыс сипаттамасы:

тресті сығу және жуу процесі алдында дайындық жұмыстарын жүргізу;

табандық пен контейнерлерден бауларды түсіру, оларды сығу-жуу жабдықтарының үстеліне жеткізу;

шикізат орамын шешу, тресті жұмарлаудан тегістеу, бауларды жұмсарту және бөлу; белбеулерді түзету;

сығу-жуу машинасының қуат беру транспортеріне трестерді артуға қатысу;

трест пен инвентарды қайта өңдеу орнына тасымалдау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

47. Білуге тиіс:

сығу-жуу машинасының бекітілуі мен жұмыс мақсаты;

түсіру және бауларды жіберу қағидасы;

шикізаттың негізгі қасиеті мен оны күтудің қағидасы;

тресті арту тығыздығы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

23-параграф. Сығу-жуу жабдығының машинисі, 3-разряд

48. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары машинисттің басшылығымен тресті сығу-жуу машинасында сығу және жуу;

сығу-жуу машинасының қуат беру жабдығына күтім жасау;

транспортер мен сығу-жуу машинасының қуат беру механизмының жұмысын тексеру, олардың тоқтамай жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

қуат беру механизмсіз жұмыс істеу барысында бекітілген қалыңдық пен қабаттың енін сақтай отырып, тресті қуат беру транспортерге тиеу;
қуат беру механизмінің жұмысын ретке келтіру;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

49. Білуге тиіс:

сығу-жуу машинаның қуат беру механизмінің құрылымын және пайдалану қағидасын;

тресті сығу және жуу технологиялық процесі;

қуат беру машинасының жұмысын ретке келтіру қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

24-параграф. Сығу-жуу машинасының машинисі, 4-разряд

50. Жұмыс сипаттамасы:

тресті сығу-жуу машинасында сығу және жуу;

тресті жуу және сығу технологиялық режимін реттеу;

сығу-жуу машинасы мен қуат беру механизмін жөндеу;

сығудың сапасы мен процесін, машина мен механизмдердің дұрыс жұмыс істеуін бақылау;

табылған ақаулардың алдын алу мен оларды жою шараларын жасау;

қуат беруші механизмсіз жұмыс істеу барысында тресті оның жұмсағымен келтіретін машина транспортеріне тиеу үшін қабатын қалыптастыру;

біліктілігі төмен машинистердің жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

51. Білуге тиіс:

сығу-жуу машинасын және қуат беру механизмін ретке келтіру және жөндеу қағидалары;

қызмет көрсететін механизмдер мен құрылғылардың жұмыс режимі;

тресті сығу режимін регламенттеу;

тресті сығу және жуу сапасының талабы;

мемлекеттік стандарттар және салалық стандарттарға сәйкес технологиялық процесті жүргізу қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

25-параграф. Тазалағыш жабдықтың машинисі, 2-разряд

52. Жұмыс сипаттамасы:

мақта шикізатын органикалық және басқа да қоспалардан шнекті тазартқышта тазарту, сонымен қоса тінді дақылдардың тұқымын біліктілігі жоғары машинисттің басшылығымен тұқымнан тазалағыш машинада тазарту;

мақтаны өндеуде шыққан қалдықты арнайы машиналармен тазарту және тінді дақылдардың талшығын, талшықтарды бөлетін машиналардың өндеген қалдықтарынан ажыратып алу;

улюкты барабанда жұмыс жасап жатқанда – улюкты және басқада қалдықтарды машинаға тиеу;

тұқымдарды тиейтін бункерге төгу;

конденсордан талшықтарды жіберу және оларды қапшықтарға салу;

стандартты өлшемдегі тұқымдарды өлшеп қапшыққа қаптау;

тұқым, талшық және қалдықтарды белгіленген орынға тасымалдау, жинау, буып-түю және жинау;

қызмет көрсетілетін машиналарға бір келкі тиеуді қамтамасыз ету;

машина мен механизмдердің жұмысын бақылау;

қызмет көрсетілетін құрылғы мен механизмдердің бітелулерін жою және орамдарды шешу;

инвентарды, құралдарды және қаптау материалдарын тасымалдау;

машина мен механизмдердің жұмысындағы ақауларды жою жұмысына қатысу;

белбеулерді тігу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

53. Білуге тиіс:

шнекті тазартқыш, тұқым тазартқыш, талшықтарды бөлгіш машиналардың және оларға жанасатын технологиялық және көмекші құралдардың мақсаты мен жұмыс принципі;

мақта шикізатын, қабықты дақылдар тұқымын, мақта және тінді өнімдер қалдығынан тазартудың технологиялық процесі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

26-параграф. Тазалағыш жабдықтың машинисі, 3-разряд

54. Жұмыс сипаттамасы:

мақта шикізатын органикалық және басқада қоспалардан оттық-аралау тазартқыштарда, тінді дақылдарды тұқымнан тұқым тазартқыш машиналарда тазарту;

тазартуға түскен тұқымдардың сапасын тексеру;

технологияның талаптарын ескерумен машина жұмысының режимін ретке келтіру;

тазартқыш машина мен механизмдердің жұмысының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және техникалық ақауларды жою;

тұқымдарды сапалы тазалау мен олардың қапталуын қамтамасыз ету;

машинаның тоқтап қалуы мен өндеуінің есебін жүргізу;

тазартылған тұқымдарды салмағы мен тазарту класына байланысты тапсыру;

біліктілігі төмен машинистердің жұмысына басшылық ету;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

55. Білуге тиіс:

тазартқыш машина мен оларға ұқсас технологиялық және көмекші құрылғыларды пайдалану қағидалары және құрылымы;

қызмет көрсетілетін машиналардың жұмыс бөлігінің тетік және ажыратқыш мөлшері;

тұқымның қоқымдану деңгейі және сипаты;

арам шөп түрлік құрамы;

себетін және техникалық тұқымның стандарттары;

анализға алынатын сынаманың таңдау реті;

қызмет көрсетілетін құрылғыны тиеу қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

27-параграф. Тазалағыш жабдықтың машинисі, 4-разряд

56. Жұмыс сипаттамасы:

мақта шикізатын органикалық және өзге де қоспалардан ағымдағы тізімге кіретін тазартқыштарда тазарту;

мақта тұқымдарын тұқым тазалағыш машинада тазарту, оларды калибрлеу машинасында өлшемі бойынша сорттау және калибрлеу бойынша жұмыстарды орындау;

тұқымды тұқым тазартқыш машинаға және мақта шикізатын ағымдағы тізімге кіретін жабдықтарға түсуін ретке келтіру;

тазартатын машиналар, ағымдағы тізімге кіретін жабдықтардың жұмысындағы ақауларды жою және болып жатқан жөндеу жұмыстарына қатысу;

біліктілігі төмен машинистердің жұмысына басшылық ету;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

57. Білуге тиіс:

ағымдағы тізімге кіретін тазартқыш машиналардың құрылымы;

олардың жұмыстарын ретке келтіру және болып жатқан жөндеу жұмыстарының ержесі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары; ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

28-параграф. Талшық қорабын байлаушы, 2-разряд

58. Жұмыс сипаттамасы:

талшықтарды қорапқа байлау;

өлшеу, тасымалдау және оларды белгіленген орынға қою;

қораптарды орауға арналған белбеушелерді дайындау;

өндіріс сапасы бойынша кендір мен кенептің талшықтарын уыстап алу;

тасымалдау және толық өнделмеген талшықтарды жою;

өндіріс сапасы бойынша толықтай өнделмеген талшықтарды теріп алу және уысқа қалыптастыру;

оларды қайта өндеуге жіберу;

езу-түту агрегатына және түту-жуу машинасының орамы мен бітелулерін жоюға қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

59. Білуге тиіс:

талшықтарды қорапқы байлау қағидасы және талшықтың толықтай өнделмегенін анықтайтын белгісі;

қырқылған талшықтың жіберілетін пайызы;

қораптың белгіленген массасы;

талшықты өлшеу қағидалары;

құрамы әртүрлі ұзын сабақты шикізатты өндеудің технологиялы режимі;

өнделіп жатқан өнімнің сапасына қойылатын талаптар;

талшықтың сорты;

езу-түту агрегаты мен түту-жуу машинасының мақсаты мен жұмыс принципі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

29-параграф. Талшық қалдықтарын қалпына келтіру жабдықтарын тазартушы, 2-разряд

60. Жұмыс сипаттамасы:

мақта талшықтарының қалпына келтіру қалдықтарын минералды және органикалық қоспалардан тазартқыш машиналарда тазарту;

талшықтың тазартқыш машинаға түсуін реттеу;

тазартқыштардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

қызмет көрсетіп жатқан машиналардың жұмысындағы ақауларды жою;

тазартқыштардың, бөлінуші және жинаушы шнектерін, сепаратор және қоқыс сорғыш жабдықтардың бітелулерін жою;

тазартқыш және оған тоғысқан құрылғыларды мерзімді (кесте бойынша) тазарту;

тазартушылардың жөндеу жұмыстарына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

61. Білуге тиіс:

тазарқыш машиналардың және оларға тоғысқан жабдықтардың құрылымы;

оларды пайдалану қағидалары;

тазартудың технологиялық процесі;

тазартқыштарды тиеудің қағидалары және оларға талшықтардың түсуін ретке келтіру;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

30-параграф. Талшықтарды түсіруші, 3-разряд

62. Жұмыс сипаттамасы:

ұзын талшықты езу-түту агрегатының транспортерінен, түту-жуу және түту машиналарынан немесе сығу пресінен түсіру;

талшық қабатын мұхият тексерумен қоса толықтай өнделмеген тұлымдарды теру;

таза талшықтарды белгіленген салмақ бойынша уыстарға қалыптастыру және оларды жіберу;

өнделген талшықтың сапасын бақылау;

езу түту агрегатына қызмет көрсетіп жатқанда уыстарды түзеу, айналдыру, қораптар, кулиткалар жасау, талшықтарды ылғалдандыру, байлау, қораптарды, талшық кулиткаларын белгіленген орынға тасымалдау;

түту-жуу машинасына қызмет көрсетіп жатқан кезде қысу пресінің сіңдіру транспортерына уыстарды салу;

пневмокөлік болған жағдайда таза талшықтарды пневможабдыққа жіберу;

агрегат пен машинаның орамдары мен бітелулерін жоюға қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

63. Білуге тиіс:

құрамы әртүрлі шикізатты өндеу технологиялық режимі және түту режимі;

талшықтың нөмірін, сортын анықтайтын негізгі белгілер;

өндіріліп жатқан өнімнің сапасына қойылатын талаптар;

талшықтың стандарттары;
талшықтың қырқылу және ылғалдылығының ақырғы нормасы;
езу-түту агрегатының және түту-жуу машинасының мақсаты және құрылғысы;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

31-параграф. Талшықты өңдеу бойынша ағымдағы тізімнің операторы, 3-разряд

64. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары оператордың басшылығымен өтетін қысқа сабақты шикізат пен ұйпаларды өңдеу, олардан шикізат алу және езгіште, түту, шайқау және кептіру машиналарында, кудель дайындайтын агрегатта және онымен жанасқан технологиялық және көмекші жабдықта тінді дақылдардан қысқа талшықтарды өңдеу бойынша ағымдық тізімге қосылған құрылғыда өңдеу технологиялық процесін жүргізу;

өңделіп бітпеген ұзын талшықтарды түту машинасында өңдеу;

ұзын талшықтарды өңдеу бойынша қосымша жұмыстарды орындау;

қызмет көрсетіп жатқан машина мен механизмнің, машинаның айналып тұратын бөлшегіндегі суландырмайтын құрылғының дұрыс жұмыс жасауын бақылау және табылған ақауларды жою;

пневмокөліктің жоқ кезінде - шикізатты, түтуден қалған қалдықтарды қабатын біркелкі қалыптастырып және оларды кептіргіш машинаның күш беру транспортерына қолдан арту;

кудель дайындайтын агрегаттан толықтай өңделмеген талшықтар мен қысқа талшықтарды алу және оны қорапқа таза талшық байламымен қайта өңдеуге арту;

талшықтарды пневмокөлікке жіберу, түту машинасының сығу механизміне толықтай өңделмеген талшықтарды қолдан арту;

ұзын талшықтарды толықтай өңделмеген деңгейі бойынша уыстап теріп алу, оларды ұзындығымен түзеу, өте дымқыл талшық тұлымын жою және түтілгендерін жәшікке салу және арту;

буданы байлау, тасымалдау және оларды беліленген орынға жеткізу;

өңдеуге келетін талшықтарды тасу;

түтуші барабанға, карданды валдан және оңтүстіктік кендірді өңдеу барысында езу-түту агрегатының тасымалдау механизмінен және кенептің өңдеуде түту-жуу жабдығынан орамдарды шешу;

ұзын талшықтарды алуға жарайтын орамдарды жайып салу үстеліне жіберу;

қызмет көрсетілетін жабдық пен қондырғының жұмыс бөлшектеріне орамдар мен бітелулер қалыптасуының алдын алу, оларды жоюдың алдын-алу және осы жабдықты жөндеу жұмыстарына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

65. Білуге тиіс:

қысқа талшықтарды өндеу бойынша ағымдағы тізімге қосылған қызмет көрсету жабдықтар мен механизмдерін, түту машинасы, тасымалдау механизмі және суландырмайтын жабдықты белгілеу және пайдалану қағидалары;

қысқа сабақты шикізатты және ұйпаны және түтудің қалдықтарын кептіру және өндеу режимі;

толықтай өнделмеген талшықтарды өндеу режимі;

өңделіп жатқан материалдың түрін және оның ылғалдану нормасы;

кептіру машинасының тиелу тығыздығын;

шикізатты езгілеу машинасына және қуат алу транспортеріне тиеу қағидасы;

талшықтың негізгі қасиеті және оған қойылатын талаптар;

орамдарды шешу қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

32-параграф. Талшықты өндеу бойынша ағымдағы тізімнің операторы, 4-разряд

66. Жұмыс сипаттамасы:

қысқа сабақты шикізат пен ұйпаларды өндеу, олардан шикізат алу және езгіште, түту, шайқау және кептіру машиналарында, кудель дайындайтын агрегатта және онымен жанасқан технологиялық және көмекші жабдықта тінді дақылдардан қысқа талшықтарды өндеу бойынша ағымдық тізімге қосылған құрылғыда өндеу технологиялық процесіне кіріспе;

жабдықтың жұмысына және өнделіп жатқан шикізаттың ерекшелігіне және оның сапасына байланысты материалдың қабат қалыңдығын реттеу режимі;

технологиялық ағымға қосылған жабдықтың жұмысында табылған ақауларды жою;

шикізатты өндеу мен кептірудің сапасына, кептіру процесіне, қабаттың қалыңдығы мен транспортердің еніне дейін шикізатпен біркелкі тиелгеніне, транспортердің кептіретін жабдығына және транспортердің қуат алатын агрегатына шикізаттың тиелу тығыздығын жүргізу;

талшықтарды өндеу және жабдықтардың бос тұрып қалуына есеп жүргізу;

біліктілігі төмен операторлардың жұмыстарын басқару;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

67. Білуге тиіс:

өңделіп жатқан материалдың қырқылуына байланысты оларды тиеу және реттеу және қысқа талшықтарды теруге арналған ағымдағы механизмге қосылған жабдықтар мен механизмдер;

қырқылу және ылғалдылығына байланысты қысқа талшыққа қойылатын талаптар;

талшықтардың қырқылуына байланысты жабдықтың жұмыс істеу режимі және технологиялық процесі;

шикізат пен қысқа талшықтың стандарты;

қызмет көрсетілетін жабдықтың басты ақаулары және оларды жою қағидалары;

бітелу мен орамды жою тәсілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

33-параграф. Талшықты өңдеу бойынша ағымдағы тізімнің операторы, 5-разряд

68. Жұмыс сипаттамасы:

шикізатты кептіретін машина, езетін-түтетін агрегатта және басқада технологиялы, стланцты трестен ұзын зығыр және кендір талшықтарын өндіретін және сорттауыш ағымдағы тізімге қосылған механизмдер мен көмекші механизмдерден ұзын сабақты шикізатты технологиялы өндіру процесін жүргізу;

өндіріліп жатқан шикізаттың сапасына байланысты ағымдағы тізімге қосылған жабдықтардың жұмыс режимін реттеу және олардың жақсы жұмыс істеуін бақылау, өңдеулеріне қатысу;

талшықты өңдеу және сорттау сапасына, шикізатты өңдеуде технологиялық режимнің сақталуын бақылау;

өңделуге түскен шикізаттың сапасын және таңдалған өнімнің сапасын тексеру;

талшықтарды өңделу сапасын тексерумен уыстап арту;

талшықты будамға байлау;

пневмокөлік болған жағдайда талшықтарды пневмокөлікке арту;

өңделген өнімді өлшеміне және сапасына байланысты тапсыру;

өңделген шикізаттың, өңделген талшықтың және машинаның құрылымының есебін жүргізу;

нөмірдің дұрыстығын, талшықтың сортының дұрыстығын анықтайтын таңдау бақылау тексерісі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

69. Білуге тиіс:

стланцты трестен ұзын зығыр және кендір талшықтарын өңдеу бойынша ағымдық тізімге қосылған жабдықтар мен механизмдер;

морфологиялық құрылымын есепке ала отырып стандартты тресті өндеу реттеу режимінің қағидасы;

шикізаттың және ұзын талшықтың сипаттамасы, нөмірі, сорты, бірдей талшықтарды нөмірі және сортымен реттеу қағидасы;

бақылау әзірлемелерін өткізу тәсілі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

34-параграф. Талшықты өндеу бойынша ағымдағы тізімнің операторы, 6-разряд

70. Жұмыс сипаттамасы:

шикізатты сыққыш-жуғыш, сулы тресті кептіруге арналған кептіру машиналарында, езу-түту агрегаты, сорттауыш машинада, талшықты өндейтін және тресті дайындау процесін автоматты басқару жүйесімен, сулау және булау трестінде ұзын талшықтарды өндеуге арналған ағымдағы топқа қосылған, көмекші жабдығы мен механизмдерде ұзын сабақты шикізатты өндеу технологиялық процесін жүргізу;

ағымдағы тізімге қосылған жабдықты жөндеу және реттеу, одан сапалы және белгіленген нөмірге сәйкес талшықты өндеуді қамтамасыз ету;

сапалы бойынша ұзын талшықтарды бағалау;

біліктілігі төмен оператордың жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

71. Білуге тиіс:

сулау және булау трестінен ұзын зығыр және кендір талшығын өндейтін ағымдағы тізімнің құрамына кіретін, машина мен механизмдерді жөндеу және реттеу тәсілі;

сулау және булау трестінің өндеу режимінің уақыт тәртібін реттеу;

буланған және суланған ұзын талшықтардың қолданыстағы стандарты;

талшықты өндеу және тресті өндеу процесін басқаратын бақылау-өлшеу жабдығының өлшемі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

35-параграф. Технологиялық жабдықтың реттеуші, 4-разряд

72. Жұмыс сипаттамасы:

реттеу және болып жатқан жөндеу жұмыстары: сексен аралық джиндары және инерциялы омырғыш механизммен мақта талшықтарын өндейтін линтерлар, линт және басқа мақта өнімдерімен білікті джиндары, тінді дақылдардан қысқа талшықтар өндейтін ағымдағы тізімнің құрамына кіретін агрегат, машина және механизмдер;

жабдықтың, пневмокөліктің ақаусыз күйін бақылау және олардың бекітілген жұмыс режимін қамтамас ету;

агрегат пен машинаның бөлек бөлшектерінің тораптарын ауыстыру;

жабдықтың жұмысын реттеу, тігу және белдіктер кигізу;

түткіш құрылғыда жұмыс істеген кезде лентаны толықтыру және рулонның қалыптасуын бақылау, олардың шешу, тасу және салу, лентаның қалдықтарын ликвидациялау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

73. Білуге тиіс:

әртүрлі физико-механикалық құрамдағы шикізатты өндеу барысында қызмет көрсетілетін жабдықты жөндеу және оны реттеу түрлері;

тінді дақылдардың қысқа талшықтарын өндеу, мақта шикізатын өндеу технологиялық процесі;

агрегат пен машиналардың жұмыс істеу режимі;

өңделіп жатқан шикізатқа байланысты машинаның жұмыс бөлшектерінің тетік және ажыратқыш мөлшері;

бітеу мен орауды ликвидациялау және жабдықтың жұмысындағы ақауларды жою және олардың алдын алу тәсілдері;

қызмет көрсетілетін жабдықтың жөндеу мен профилактикалық тексеру графиктері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

36-параграф. Технологиялық жабдықтың реттеуші, 5-разряд

74. Жұмыс сипаттамасы:

болып жатқан жөндеу жұмыстары және оларды реттеу: жүзотыз аралық джин және көп соғатын мықты омыратын, сонымен қоса мақта талшықтарын, линта және басқада мақта өнімдерін өндіретін үлкейтілген жұмыс камерасы бар білікті джин механизмімен, стланца трестінен ұзын зығыр және кендір талшықтарын, кенп және тіннен ұзын талшықтар өндейтін ағымдағы тізімнің құрамына кіретін агрегат, машиналар, механизмдер;

кептіру жабдығын өңделіп жатқан шикізаттың морфологиялық құрамы және ылғалдығына байланысты тиеу процесін ретке келтіру;

бекітілген режим бойынша шикізатты өндеу барысында технологиялық процестің сақталуын, жабдықтардың және пневмокөліктің тоқтамай жұмыс істеуін қамтамасыз ету және олардың жұмыс барысында ақауларын жою;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

75. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықты ретке келтіру әдістері және құралдарды реттеу;
мақта өнімдерін, тінді дақылдар мен зығыр тіннің ұзын талшықтарын өндеудің технологиялы процесі;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

37-параграф. Технологиялық жабдықтың реттеуші, 6-разряд

76. Жұмыс сипаттамасы:

мақта талшығын, линт және басқа да мақта өнімдерін өндіру бойынша жүзімді аралайтын джиндер мен білікше джиндерді, шитті мақта сепараторын, талшық конденсорын, шнекті (шитті, тұқымдық, ерекше, қоқыс), тұқым тазалағышты, талшықты тазалағышты, моченц және паренц трестінен ұзын зығыр және кендір талшығын өндіру бойынша ағынды желілердің құрамына кіретін агрегаттарды, машиналар мен механизмдерді баптау және ағымдағы жөндеу;

автоматты түрде жұмыс жасайтын және ағымдағы тізімге бекітілген техникалық жабдықтардың тоқтамай және жанасып жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

жабдықтардың жұмысын бақылау;

бекітілген уақыи тәртібі режимінде қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысы үшін негізгі толықтыру параметрлерінің сақталуын қамтамсыз ету;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

77. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықты реттеу және реттеу тәсілдері;

сулы және булы трестен ұзын зығыр және кендір талшықтарын өндеу процесстерін автоматты түрде ретке келтіру үшін бақылау-өлшеу құралдарын және жабдықтарын пайдалану қағидасы;

осы шикізатты өндеу режимі және технологиялық процесі;

жабдықтың жұмысындағы ақаулардың алдын алу және жою және бітеу мен орауды жою тәсілдері;

қызмет көрсететін профилактикалық тексеру және жөндеу кестесі жабдық;

джин қауіпті орындары және олардың қоршаулары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

38-параграф. Тресті дайындаушы, 3-разряд

78. Жұмыс сипаттамасы:

тресті ашық камера, бак, сұ қоймаларында дайындау технологиялық процесін жүргізу біліктілігі жоғары трест дайындаушының басшылығымен өтеді;

престелген өсімдік сабағын және баулардың шикізат тайын ашық бактарға, камераларға немесе жасанды су қоймаларына қолдан немесе механизмнің көмегімен тиеу, бактағы шикізатқа су құю, сабақтарды қалқитындай жағдайда суға салғанда тайды салдарға немесе партияларға бөліп байлағанда технологиялық процестің талаптарына сәйкестендіру, қалқып жатқан тайларды қайта- қайта аударып тұру, кейін оларды тиеу транспортеріне немесе белгіленген орынға апару, сабақтарды толықтай суға салған кезде ұзындығы мен енін қысқышқа мықты етіп бекіту, қысқыш пен бекітулерді шешу;

сулы тресті қолдан немесе механизмні көмегімен бекітілген орынға түсіру;

шикізатты, камераны және бакты сумен жуу;

көлікті және басқада механизмдердің, тай түсіретін жабдықтың жолында ақау жоқтығын және дұрыстығын тексеру;

кабатты шикізатты және сыйымдылықтарды сулау процесіне дайындау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

79. Білуге тиіс:

бактардың, суқоймаларының, қысқыш құрылғылардың, шикізатты тиейтін және түсіретін механизмдердің бекітілуімен, пайдалану қағидалары;

тресті салқын суда сулау тәсілімен дайындау технологиялық процесі;

өсімдік сабағы мен сабанның сапалы қасиетін және негізгі құрамы;

шикізатты тиеу және түсіру қағидалары;

шикізатты қалауға бекітілген тығыздықты;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

39-параграф. Тресті дайындаушы, 4-разряд

80. Жұмыс сипаттамасы:

тресті ашық камераларда, бактарда және су қоймаларында дайындаудың технологиялық процесін жүргізу;

сулау процесінің аяқталуын анықтау;

шикізатты камераларға, бактарға және су қоймаларына дұрыс тиелуін, суда жүзетін тайларды уақытылы өңдеуді, бактардағы сұйықтықты ауыстыру және оларды толтыруды, көтергіш көлік құралдары, жабдықтардың қалыпты жұмыс істеуін бақылау және олардың жұмыстарындағы ақауларды жою;

шикізатты сулау журналын жүргізу;

біліктілігі төмен тресті дайындаушылардың жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

81. Білуге тиіс:

шикізатты тиеу мен түсіру бойынша механизмдердің құрылысы;

қызмет көрсетілетін механизмдер мен жабдықтардың жұмысындағы ақауларды анықтау және оларды жою тәсілдері;

трестің негізгі қасиеті және сапалы белгілері;

тресті дайындау технологиялы режимі және сулау процесінің аяқталғанын анықтау тәсілдері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

40-параграф. Тресті дайындаушы аппаратшы, 3-разряд

82. Жұмыс сипаттамасы:

тресті сулауыш бактар, камералар мен автоклавтарда суландыру және буландыру процесін біліктілігі жоғары аппаратшының басшылығымен жүргізу;

шикізатты технологиялық процесс талаптарына сәйкес табандық, контейнер, вагонетка, сығымдауыш және бакка қолмен тиеу;

шикізатты механикалық сығымдауышта сығу;

вагонеткаларды шынжырмен байлау және оларды автоклавқа арту;

белгіленген қағидаларға сәйкес бактарға табандық, контейнер және сығымдалған шикізат байламын электрлі тельфер, авто және электр тиегішпен және автоклавқа вагонеткаларды тиеу;

камераны жасыру және қысқыш жабдықтарды шешу;

сулы тресты механизмдерді пайдалана отырып, белгіленген орынға түсіру және төсеу;

шикізатты, бактарды және камераларды сумен жуу;

артылған контейнерлерді сыққыш-жуғыш машинаға тиеу және бос контейнерлерді арту теліміне жеткізу;

көлік құралдарына байламдарды, контейнерлерді және табандықтарды (канттаумен) төсеу, орнату, шешу, жүкті іліп алғыш жабдықтар мен механизмдерді орнату және шешу;

механизмдер, көлік құралдары және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету;

жұмыстағы ақаулардың алдын алу және жою, ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысу;

механизмнің айналғыш бөліктерін өсімдік тіні мен сабаннан тазарту;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

83. Білуге тиіс:

механикалық сығымдаушының бекітілуі мен көтергіш көліктік және өзге де механизмдердің жұмыс принциптері мен міндеттері;

көтеру, орнын ауыстыру, контейнерді, вагонетканы орнату және олардың арту және түсірілу тәсілдерінің қағидасы;

тресті дайындалу технологиялық процесі;

шикізаттың негізгі қасиеті мен сапа белгісі;

шикізатты арту және түсіру қағидасы;

шикізатты бекітілген тығыздық бойынша орау және бакка салу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

41-параграф. Тресті дайындаушы аппаратшы, 4-разряд

84. Жұмыс сипаттамасы:

тресті сулау және булау бактарында, камераларда, автоклавтарда технологиялық тәртіпке сәйкес және автоматты бақылау және процесті бақылау жүйесін пайдалана отырып сулау және булау технологиялық процесін жүргізу;

суды, буды, қалыпқа келтірілген сұйықтықты, бак пен автоклавқа құюды реттеу;

автоклавта буландыру кезінде және сулы-температура жүйесі мен сұйықтықтың қышқылдық жүйесін сулау барысында тұрақты қысымда сақтау;

сорғы және аэрациялық жабдықтарды жұмыс істеу барысында бақылау- өлшеу құралдарының көрсеткіштерін байқау;

буландыру мен сулау процесін аяқталу уақытын анықтау;

өңделген сұйықтық пен буды ағызу;

сыйымдылықты, шикізатты артуға дайындау;

сұйықтықты әзірлеу және оны бак, автоклавтарға құюға дайындау;

қызмет көрсетілетін жабдық, аппарат, коммуникация, автоматика жүйесіне жарамды және іркіліссіз жұмысты қамтамасыз ету және ақауын жою;

бақылау-өлшеу жабдықтарын, құқбыр және сорғылардың күйін тексеру;

шикізатты бакка, автоклавқа дұрыс артылуын бақылау және олардан трестерді түсіру;

қызмет көрсетілетін механизмнің ағымдағы жөндеу жұмыстары;

біліктілігі төмен аппаратшылардың жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

85. Білуге тиіс:

автоклавтарды, қысқыш бактарды, аэрациялық жабдықтарды, көтергіш көліктік жабдықтарды пайдалану қағидасы мен құрылымы;

бақылау-өлшеу жабдықтарын пайдалану қағидалары;
автоматика құралдарын реттеу және оларды басқару қағидалары, мақсаты;
негізгі құралдар мен шикізаттың сапалы көрсеткіштерінің тресті дайындау процесіне ықпалы;
шикізатты сулау немесе булау барысының аяқталу үрдісін анықтау;
ақауларды жою тәсілдері;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

42-параграф. Тінді шикізатты кептіруші, 1-разряд

86. Жұмыс сипаттамасы:

бекітілген қалындықпен біркелкі төсеу және аудару арқылы түтуден қалған қалдықтарды және арпабастарды далада кептіру;

түтуден қалған қалдықтарды және арпабастарды кепкеннен кейін бұрымға және шөмелеге өру;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

87. Білуге тиіс:

түтуден қалған қалдықтарды және арпабастарды жинау, төсеу және оны аудару қағидалары;

материалдың органды лептикалы тәсілмен бағалау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

43-параграф. Тінді шикізатты кептіруші, 2-разряд

88. Жұмыс сипаттамасы:

табиғи ылғалды қабықты шикізатты кептіру алаңында және қабықты талшықты бекітілген қағидаларды сақтай отырып аспаларды кептіру;

орам материалын шешу;

ылғалды бауларды конустарға желдеткіш іспеттес кептіру алаңдарына орналастыру, тай мен бауларды алдын-ала шешу;

бауларды кептіру алаңдарына орналастыру үшін тасымалдау;

сулы талшықтарды ілгіштерге ілу;

кептіру кезінде шикізат баулары мен талшықтар уысын уақыт өте ауыстырып тұру;

кептірілген шикізат пен талшықтарды жинау кезінде, толықтай кеппеген баулар мен шикізат уыстарын теріп алу, кесек бауларды түзеу, бауларды ылғалдығы бойынша сорттау және оларды байлау, тасымалдау және оларды қатарға жинау, талшықтар уысын орау және оларды қорапқа байлау;

кепкен шикізат пен талшықтарды қоймаға тапсыру;
ұйпаланған және буылған материалды жинау;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

89. Білуге тиіс:

тінді шикізат пен талшықтарды алаңдарда табиғи кебу қағидаларын;
тінді шикізат, талшық, тұқым және түтудің қалдығынын түрлерін;
олардың кептіруден кейінгі ылғалдылығының нормасын;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

44-параграф. Шикізат пен талшықты пресстеуші, 2-разряд

90. Жұмыс сипаттамасы:

мақталы талшықты немесе линтті пресстеудің алдында механикалық тегістеушімен алдын ала нығыздау;

пресс камерасын талшық немесе линтпен толтыру;

тегістеушінің жұмысын басқару;

тегістелген мақта мен линттің салмағын анықтайтын бақылау жабдықтарының жұмыс бақылау;

конденсордың бітеліп қалуын және тегістеушінің жұмысындағы техникалық ақауларды жою және оның жөндеу жұмыстарына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

91. Білуге тиіс:

механикалық тегістеуіштің мақсаты мен жұмыс істеу принципі;

механикалық тегістеуге бекітілген престеліп жатқан өнімнің түрлерінің байлам бойынша салмағы;

престеліп жатқан өнімнің техникалық жағдайы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

45-параграф. Шикізат пен талшықты пресстеуші, 3-разряд

92. Жұмыс сипаттамасы:

мақта және тінді талшықты, мақта линтін, талшықты қалдықтарды және костраны байлам, орнатылған габариттің түгінде салмақтыларын механикалық прессте біліктілігі жоғары пресстеушінің басшылығымен, ал тінді шикізатты қол станоктарында пресстеуді жүзеге асыру;

мақта талшықтарын немесе линтті престемес бұрын, гидравликалық тегістеуішпен алдын-ала нығыздау;

тінді шикізатты, талшықтарды және қалдықтарды қолмен салу кезінде, оларды таразыға тасу, өлшеу және белгіленген сызба бойынша камераға салу;

орайтын материалдарды дайындау және жеткізу;

орамды преске салу;

байламды тығыздау, стандарт талаптарына сай оларды байлау және таңбалау, престі босату, байламды домалатып әкету;

кипті өлшеу және транспортер мен штабельде тегістеуімен бекітілген орынға тасымалдау;

табандыққа орнатылған байлам механизмдерін және табандықты канттау механизмдерін басқару;

таразы, прес, көтерме, оның жетегін, гидросорғышты, бақылау жабдықтарының қалыпты жұмыс істеуін тексеру;

пресс және конденсор, табандықты байламға орнату механизмін, табандықты канттайтын механизмдердің жұмысындағы техникалық ақауларды жою;

престің тораптарына және басқа қызмет көрсетілетін механизмдердің жұмыстарын реттеу, ұсақ жөндеу жұмыстары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

93. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдық пен механизмнің құрылымы және жұмыс принципі;

шикізатты, талшықты, линтті және қалдықтарды пресстеу қағидалары;

шикізат пен өнімнің сортына байланысты габариттің, киптің салмағының, тьюктың бекітілген тығыздығы;

кипті орау және таңбалау қағидалары;

орайтын материалдың шығыны мен оның мөлшері;

өнімді тасымалдау және сақтау қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

46-параграф. Шикізат пен талшықты пресстеуші, 4- разряд

94. Жұмыс сипаттамасы:

орам стандартының талаптарына және бекітілген заңдылықтарына сәйкес, байлам, тай, бекітілген ауқымдылық пен салмақты механикалық пресстерде мақта және тінді талшықтарды, мақта линтін, талшықты қалдықтарды, костра мен зындырылған зығыр лентасын пресстеу;

престерде орнатылған өлшеу және тіркеу жабдықтарына, престоу процесінің параметрларын бақылау;

ауқымдылық, салмақ және орам сапасының бекітілген стандарттарына сәйкес байламның шығарылымын қамтамасыз ету;

механикалық престің көтермесін басқару;

престің және оның көтермесінің жұмысындағы ақауларды жою және жөндеу жұмыстарына қатысу;

байламды престоу, қаптау және таңбалаудың, қызмет көрсетілетін жабдықтың сапасын бақылау;

біліктілігі төмен престоушілердің жұмысын басқару;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

95. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтың құрылымы және оны пайдалану қағидалары;

байламды орау бойынша стандарт талаптары;

шикізат, талшықтарды сорттарымен анықтау принципі;

престің жұмысындағы техникалық ақауларды жою түрлері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

47-параграф. Шикізат пен талшықты престоуші, 5-разряд

96. Жұмыс сипаттамасы:

мақта талшығы мен линт, қабықты шикізат пен талшықты бекітілген ауқымдылық байламында және гидропрестоу жабдықтарында және жартылай автоматтандырылған престоу престоу;

гидропрестоу жабдықтары мен жартылай автоматтандырылған престоуді жөндеу;

гидронасосы және механикалық престің жетегін басқару;

ағымдағы жөндеу жұмыстарына және технологиялық жабдықтар мен таразы өлшеу техникаларында жөндеу жұмыстарына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

97. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдық мен бақылау-өлшеу жабдықтарын орнату және жөндеу тәсілдері;

өңделіп жатқан шикізаттың техникалық шарттары мен стандарттары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

48-параграф. Шикізат пен талшықты пресстеуші, 6-разряд

98. Жұмыс сипаттамасы:

мақта талшықтары, линт, тінді талшықтарды байламда, бекітілген ауқымдылықта және таразыда, гидравликалық пресстерде пресстеу;

монометр бойынша қысымды бақылау;

габарит, салмақ және орамның сапасына стандарт және техникалық талаптарға сәйкес киіптің шығаруын бақылау және қамтамасыз ету;

су насосы мен механика пресінің көтермесін басқару;

талшық пен линттан бөгде нарселерді жою;

біліктілігі төмен пресстеушілердің жұмысын басқару;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

99. Білуге тиіс:

прес, гидросорғыш, бақылау-өлшеу құралдары және басқада қызмет көрсетілетін жабдықтарды орнату және жөндеу жұмыстары;

шикізат пен талшықты орау, қаптау, және пресстеудің стандарты мен техникалық шаралары;

орнатылған ауқымдылық пен байлам салмағы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

49-параграф. Шикізат пен талшықты сорттаушы, 2-разряд

100. Жұмыс сипаттамасы:

шикізат - шөмеле, кебен және қатарлар қоймаларын ашу және жинау процесінде бүлінген және шіріген шикізаттың бауларын сорттау;

шешілген бауларды байлау;

өте дымқыл бауларды кебеге және қатарға немесе механикалық ықпал ету тәсілімен мұзданған бауларды алдын-ала еріту конус пен шатырға жаю;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

101. Білуге тиіс:

бауларды сорттау, конус пен шатырларға орналастыру және кебен мен қатарға жаю қағидасы;

шикізат түрлері және оларды күту қағидалары;

шикізат қоймаларын жинау қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

50-параграф. Шикізат пен талшықты сорттаушы, 3-разряд

102. Жұмыс сипаттамасы:

шикізат бауы мен қысқа талшықтардың, стандартты үлгілер мен эталондарына сәйкес органолептикалық тәсілмен сорттың сапалы белгісі мен нөмірлерін анықтап сорттау;

өте ылғалды, қоқысты және бүлінген бауларды лақтыру;

баудың кесекті және үстіңгі бөлігінен ұйпаны жою;

шешілген бауларды байлау, оларды түйіп байлау;

толық өнделмеген тұлымды теру және талшықтардан бөгде талшық емес қоспаларды жою;

талшықтарды экспортқа таңдау;

құрамында арпабас көп талшық тұлымдарын теріп алу және оларды қайта өндеуге кайтару;

сортталған талшықтарды қораптарға орау;

сортталмаған талшықтар қорабын шешу;

белгіленген орынға шикізат пен талшықтарды тасымалдау;

қысқа талшықты өндеуде ағымдағы тізім бойынша жұмыс істеу барысында, қысқа талшықтарды қызмет көрсетілетін құрылғының пневмокөлігіне жинау;

пневмокөлік болған жағдайда талшықтарды пневмо жабдыққа тиеу;

талшықтарды бөлетін және сулайтын машинаның, пневмокөлік жабдығының және басқада қысқа талшықты өндеу бойынша ағымдағы топқа қосылған жабдықтардың жұмысын бақылау;

қызмет көрсетілетін машина мен құралдардың орамдары мен бітелулерін жою жұмыстарына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

103. Білуге тиіс:

бау шикізатын және қысқа талшықтарды нөмірі, органолептикалық тәсіл сортымен сорттау қағидасы;

шикізат пен талшықтың негізгі құрамын, нөмірін және сортын;

шикізат пен талшыққа қатысты стандарт пен эталонды, талшық сортының нөмірін анықтайтын әдістеме;

шикізат пен талшықтың сорттау сапасына қойылатын талаптар;

талшықты сулау және қырқу нормасының шегі;

орамдарды шешу нормасы;

қысқа талшықты ағымда сорттау барысында - құрамы әртүрлі шикізатты өндеудің технологиялы режимі, кудель дайындайтын агрегат пен сілкілеу машиналарының

бекітілуі және пайдалану қағидалары, сулау және пневмокөлік жабдықтарының бекітілуі мен пайдалану қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары; ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

51-параграф. Шикізат пен талшықты сорттаушы, 4-разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

түтілген ұзын талшықтың уысын бекітілген уыс салмағын сақтай отырып, нөмірін және сортты стандартты үлгілер, стандарт және эталонға сәйкес - анықтау тәсілін талшықтың бағасын өзіндік бағасысыз органды лептикалық әдісімен сапалық белгілері бойынша сорттау;

уыстарды түзету, оларды арту және айналдыру;

уыстарды бірдей сапалық белгілерімен қорапқа, бекітілген салмақтың кулитына, жапсырманы жапсыру, қораптарды, кулиттарды байлау, тасымалдау, қатарға жинау; қорапты, кулитті байлау үшін шпагатты немесе белбеуді дайындау;

толық өндірілмеген талшықты уысқа іріктеу және қалыптастыру, оларды қорапқа, кулитқаға байлау;

конвейерлі сорттайтын машинада талшықтарды ағымда сорттау кезінде - талшықты транспортерден түсіру;

ұзын түтілген кендір талшықтарын қол тарақтарда технологияның талаптарына сәйкес тарау, таралған талшықтарды және тарақтарды сапа белгісімен сорттау;

сортталмаған талшықтарды тарау барысында-белгіленген салмақ, түс, ұзындық және басқада сапалық белгілеріне сәйкес біркелкі талшықтарды қалыптастыру;

конвейерлі сорттау көлігінің жұмысындағы табылған ақауларды жою және олардың жұмыс істеуін бақылау;

талшықтар мен тарамдарды салмағына қарай тапсыру;

біліктілігі төмен сорттаушылардың жұмысын бақылау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

105. Білуге тиіс:

сорттау және ұзын талшықтардың нөмірі, сортымен тарау қағидалары;

уыс, жәшік және әртүрлі нөмірлерге арналған кулиттардың, талшық сорттарын және рұқсат етілетін ақауларды қалыптастыру;

қорап, кулитті байлау тәсілдері;

салмақ нормасы,

түтілген және таралған талшықтардың нөмірі, сортын анықтайтын сапалық белгілері;

таралған талшықтар мен тарамдардың сапасына қойылатын талаптар;

конвейерлі сорттау транспортерін орнату және пайдалану қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

52-параграф. Шикізат пен талшықты сорттаушы, 5-разряд

106. Жұмыс сипаттамасы:

түтілген ұзын талшықтың уысын бекіткен уыс салмағы, нөмірін жән сортты органды лептикалық анықтау тәсілін талшықтың бағасын өзіндік бағасысыз стандартты үлгілер, стандарт және эталонды, сапалы белгілерін сақтай отырып, сорттау;

тапсырушылардан қабылданатын шикізаттың сапалы белгілерін қарау;

шикізатты сақтау орындарына нөмірін, сортын, тұрып қалу деңгейін, сулылығын және себу түріне қарай бөлу;

шикізатқа қабылданған жапсырмаларды жазып беру және оларды тапсырушыларға беру;

нөмірдің органды лепикалық бағасының, талшықтың сортын берілген бағалау құралымен салыстырмалы тексеру;

сорттауға түскен өнделген талшықтың салмағы мен сапасын тексеру;

сортталған талшықтың есебін жүргізу, олардың нөмірі, сорты бойынша қатарға жинау және оны сақтау;

шикізатты және талшықты сақтау және сорттау орындарына көтеріп-тасымалдау механизмінің қалыпты жағдайда болуын бақылау;

біліктілігі төмен шикізатты және талшықтарды сорттаушылардың жұмысына басшылық жасау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

107. Білуге тиіс:

шикізатты нөмірі мен сорты бойынша құралды бағалау әдістемесі;

шикізатты дұрыс жинау тәсілдері;

қоймалардың көлемі мен формасы;

шикізаттың сортын;

нөмірін анықтайтын сапалы белгілер;

талшықты өндеу технологиялық процесі;

шикізат пен талшықты сорттау, қабылдау, жинау және сақтау нұсқаулықтары және қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

53-параграф. Шикізатты артушы, 2-разряд

108. Жұмыс сипаттамасы:

мақта шикізатын пневмокөлікте және алдын ала жұмсарту және лас мақта мен бөгде нарселерді жоятын көліктер камераларына қолдан арту;

құбырдың, көліктің және бункер-сіндіргіштің іркілісін ликвидациялау;

құбырды, көліктерді, бункер-қуат бергіш сепараторды және басқада жабдықтарды профилактикалық тазарту барысына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

109. Білуге тиіс:

шикізатты пневмокөлікке және көлікке жеткізу тәртібі;

мақтаның шикізатын пайдалана білу қағидасын;

мақтаның шикізатын артушы пневмокөліктің және көліктердің мақсаты мен жұмыс принципі;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

54-параграф. Шикізатты артушы, 3-разряд

110. Жұмыс сипаттамасы:

сабағы қысқа шикізатты, ұйысулар және түтудің қалдығын езгілеу машинасына, кудел өндіруші агрегаттың сіндіргішіне, кендір шикізатын түту машинасының көлікті механизмінің қысқышына және мақта шикізатын қолмен пневмокөлікке немесе транспортерге амбардан, бунттан, қалқадан мақтаны алдына-ала жұмсарту және лас мақта шикізаты мен бөгде нарселерді жойып тиеу;

материалдың түзу, үздіксіз қабатын толассыз қалыптастыруын және шикізатты машинаға және өте сулы шикізатты теретін және жойып отыратын механизмге шикізатты біркелкі беруді қамтамасыз ету;

шикізаттың бір қабатын төсеніш үстеліне немесе сіндіргіш транспортер машинасына және механизміне түзу қылып төсеу;

пневмокөлік құбырларын ұзарту және ауыстыру;

езгілеу және түту, сіндіргіш машинаның жұмысын бақылау, білік агрегаты мен көліктерге қызмет көрсету;

жабдықтардың жұмысында табылған ақауларды жою;

өңделіп жатқан шикізатты тасу;

қызмет көрсетілетін құрылғыда орау және қағу жоюына қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

111. Білуге тиіс:

сабағы қысқа, ұйысқан шикізатты, түту қалдықтары кендір шикізаты мен мақта шикізатын машина мен механизмдерге тиеу қағидасы;

өңделіп жатқан материалдың қырқылуына байланысты қолданыстағы машина мен механизмдерді реттеу қағидасы;
шикізат пен түтілген қалдықтардың негізгі сапалы белгілері;
өндірілетін өнімнің сапасына қойылатын талаптар;
әртүрлі қасиеттері бар шикізатты өңдеудің технологиялық режимі;
қызмет көрсетілетін машина мен механизмдердің құрылымы мен оларды пайдалану қағидалары;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;
ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

55-параграф. Шикізатты артушы, 4-разряд

112. Жұмыс сипаттамасы:

сабағы ұзын шикізатты езу-түту қабат қалыптастырушы агрегат механизміне және түту-жуу қысу механизмді машинасына, түту машинасының езгіш механизміне тінді қолдан арту, сонымен қоса мақта шикізатын пневмокөлікке немесе қозғалатын ленталы транспортерға сорттаушы құрылғы жылжымалы пульттің көмегімен арту;

технологиялық құрамына байланысты шикізаттың қабатының қалыңдығын, қозғалмалы ленталы транспортердің құрылғы сорттаушысының жұмыс тәртібін, өңделіп жатқан шикізаттың сапасын ескере отырып түту және түтіп - жуу машинасын технологиялы құрылымын реттеу;

қабат қалыптастыру және қысу механизмдері, езу, түту, түтіп-жуу машинасына және басқа құрылғылардың жұмысын тексеру;

қызмет көрсетілетін құрылғының орамын және қағып кіргізілуін пайдалану;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

113. Білуге тиіс:

сабағы ұзын шикізатты, тінді және мақта шикізатын машина мен механизмге арту қағидасы;

сорттаушы-құрылғы мен басқару пультін құрылысы;

мөлшерлеу құрылғысын, елеу-түту агрегатының қабатты қалыптастырушы механизмін, түту - жуу машинасының қысу механизмін және шитті мақтаны беру жабдығын баптау және реттеу қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

56-параграф. Шикізатты жаюшы, 2-разряд

114. Жұмыс сипаттамасы:

шикізатты біркелкі қалыңдықпен жаятын үстелдер немесе транспортерда қуат беретін машина мен езу-түту агрегатына қолдан салу;

қабат қалыптастыратын механизмге қабатты қолдан салу;

шикізаттың ұйпаланған бетін қалыпқа келтіру, сабақтың үстінгі жағынан түйіршіктер мен ұйпаларды алып тастау, жаю үстелінде тегістеуіштің жоғында шикізатты кесек бойынша тегістеу;

қызмет көрсетілетін механизмнің бітелулері мен орамдарын жоюға қатысу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

115. Білуге тиіс:

шикізат қабатын қалыптастыру қағидасы;

шикізаттың негізгі қасиеті мен сапалы белгісі және олардың өңдеу режиміне ықпал етуі;

өңделген өнімнің сапасына қойылатын талаптар;

шикізатты тасушы механизм мен іліп-алғыш көліктің құрылымы және оларға қызмет көрсету қағидалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

57-параграф. Шикізатты жаюшы, 3-разряд

116. Жұмыс сипаттамасы:

төсеу үстелдеріне немесе шикізатты құрғақ күйінде өндейтін езу-түту агрегаттың қабат қалыптастыратын механизмінің төсейтін үстеліне түсіретін және шикізаттың орнын ауыстыратын механизмнің көмегімен езу-түту агрегатының және машинаның қуат беретін транспортеріне және шикізатты ылғалды күйде өндейтін түту-жуу машинасының қуат беретін транспортеріне шикізатты біркелкі қалыңдықта төсеу;

агрегаттың және кейінгі өндейтін машинаның жаю үстеліне бауларды байлап біркелкі беру, баулардың сулылығын бақылау, қабылданған және қайтарылған шикізаттың санын есептеу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

117. Білуге тиіс:

шешу механизмінің белгіленуі, құрылымы және жою қағидалары;

жаю үстеліне шикізатты беру және орналастыру, шикізатты машина мен агрегаттарда өндеуге жіберілуін реттеу қағидалары;

шикізатты дұрыс жаю тәсілдері;

шикізат сортының сыртқы сипаты;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

58-параграф. Шикізатты төсеуші, 2-разряд

118. Жұмыс сипаттамасы:

қабықты шикізатты шөмелеге, науаға, қатарға және өндірістік тамбурларға төсеу біліктілігі жоғары төсеушінің басшылығымен өтеді;

шикізатты сақтау орындарына жіберуге арналған көтеретін-көліктік механизмдерге қызмет көрсету;

шикізатты жинауға дайындау: өте ылғалды бауларды теру, шашылған бауларды байлау;

шикізатты төсейтін орынға қолмен немесе көлікпен жіберу немесе апару;

брезентпен шөмелені, кебенді және қатарды жабу және түзеу;

қажетті керек-жарақ пен брезентті тасымалдау;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

119. Білуге тиіс:

шикізатты өндірістік тамбурға, шөмелеге, кебенге, қатарға төсеу технологиясы;

шикізаттың түрлерін және олады пайдалану;

шикізатты артатын көтергіш-көлік механизмінің мақсат, жұмыс принципі және қызмет көрсету;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

59-параграф. Шикізатты төсеуші, 4-разряд

120. Жұмыс сипаттамасы:

қабықты шикізатты шөмелеге, науаға, қатарға және мақта шикізатын бунтқа төсеу қабықты және мақталы шикізатты сақтау және төсеу нұсқаулығына сәйкес төсеу;

мақта шикізатын түзетумен бунттың үстінде тегістеу;

төселіп жатқан орынға шикізатты жіберу үшін қозғалатын көтеретін көлік механизмді орнату;

ортасын есепке ала отырып шөмелеге, кебенге, науаға және білікке негіз салу;

сақтау орындарына сорып алатын труба мен өте дымқыл шикізатты төсеу кезінде шикізаттан сорып алатын канал жасау;

бүлінген мақта шикізаты және бөгде нарселерді жою;

шөмеле, кебен, қатар және бунттарды брезентпен жабу және бекітуден кейін аяқтау және жіберу;

баулардың ылғалдығының органды лептикалы тәсілмен сапасын бақылау;

шаблонның көмегімен шөмеле, кендір және біліктің және көлбеудің, баулардың сыртқы қатардағы көлбеу бұрышынан тік жардың қалануын мұқият тексеру;
біліктілігі төмен төсеушілердің жұмысын басқару;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын сақтау.

121. Білуге тиіс:

шикізатты дұрыс төсеудің тәсілі;

шитті мақтаны таптау қағидасы және шикізат нөмірінің, сортының сыртқы белгілері ;

шикізатты сақтау және төсеу нұсқаулықтары;

сақталу орындарына сору трубаларын рационалды орналастыру;

көтеру-тасымал механизмдерінің құрылымын және олардың жұмысын реттеу қағидасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары;

ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.

3-тарау. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

122. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші (43-шығарылым) БТБА-ның қосымшасында көрсетілген.

Жұмыстар мен жұмысшы
кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-
біліктілік анықтамасы
(43-шығарылым)
қосымшасы

Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

Р/с №	Кәсіптердің атауы	Разряд диапазоны	Беті
1.	Байламды ораушы	1	3
2.	Буманы бақылаушы	2	4
3.	Джин жабдығының операторы	4-6	4
4.	Жұмсақ тараны дайындаушы	1-2	6
5.	Кептіргіш жабдықтың операторы	3-5	7
6.	Қалдықтарды ағызашы	1	10
7.	Қалдық талшықты смолаушы	4	10
8.	Құрылғыларды тазалаушы	2-3	11
9.	Линтерлі жабдықтың операторы	4-5	12
10.	Мақта дәнін улаушы	2-4	13
11.	Мақта шикізаты бунтындағы тунель төсеуші	4	15
12.	Су жіберуді реттеуші	3	15

13.	Сығу-жуу жабдығының машинисі	2-3	16
14.	Сығу-жуу машинасының машинисі	4	17
15.	Тазалағыш жабдықтың машинисі	2-4	17
16.	Талшық қорабын байлаушы	2	19
17.	Талшық қалдықтарын қалпына келтіру жабдықтарын тазартушы	2	20
18.	Талшықтарды түсіруші	3	21
19.	Талшықты өндеу бойынша ағымдағы тізімнің операторы	3-6	22
20.	Технологиялық жабдықтың реттеуші	4-6	25
21.	Тресті дайындаушы	3-4	27
22.	Тресті дайындаушы аппаратшы	3-4	29
23.	Тінді шикізатты кептіруші	1-2	30
24.	Шикізат пен талшықты пресстеуші	2-6	31
25.	Шикізат пен талшықты сорттаушы	2-5	35
26.	Шикізатты артушы	2-4	38
27.	Шикізатты жаюшы	2-3	40
28.	Шикізатты төсеуші	2; 4	41